

Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 1481 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда № 17557 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 19 мамырдағы № 41 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің м.а. 19.05.2020 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу";

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу";

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес "Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу";

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу";

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес "Тауар таңбасын тіркеу";

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу";

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес "Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру";

8) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес "Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру";

9) осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу";

10) осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну";

11) осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау";

12) осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру".

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Әділет министрінің 05.07.2019 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрі

_____Д. Абаев

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
1-қосымша

"Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – уәкілетті орган) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау және оның нәтижесін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі - автордың өтінішін алған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде.

Тізілімде көрсетілетін қызметті алушының өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде енгізілген мәліметтердің тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мәліметтерді енгізу туралы куәлік немесе осы стандарттың 10-тармағында белгіленген жағдайда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың Мемлекеттік тізіліміне ақпарат енгізуге қатысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін және уәкілетті органның

www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған Бағаларға (бұдан әрі – Бағалар) сәйкес ақылы негізде жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Төлем көрсетілетін қызметті берушінің newscab.kazpatent.kz ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы аударым тәсілімен жүзеге асырылады.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

9. Порталда көрсетілген қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Тізілімге мәліметтерді енгізу үшін:

1) осы стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) туындының данасы.

Туындының бір данасының орнына өтінішке - эскиздер, сызбалар, суреттер немесе фотосуреттер, ал электрондық есептеуіш машинаға (ЭЕМ) немесе дерекқорға арналған бағдарламаларға қатысты бағдарламаның немесе дерекқордың атауын, автордың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жасалған күнін, қолдану саласын, мақсатын, функционалдық мүмкіндіктерін, бастапқы кодын (бастапқы мәтінді), негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асырушы ЭЕМ-нің типін қамтитын реферат қоса берілуі мүмкін;

3) құрамдас немесе туынды шығармаға қатысты түпнұсқалық туындының авторымен (ларымен) немесе құқық иесімен жасалған авторлық шарттың көшірмесі қосымша ұсынылады егер, көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген күні құрамдас туындыда басқа авторлардың қорғау мерзімі өткен туындылары пайдаланылған болса, авторлық шарт ұсынылмайды. Негізінде туынды шығарма жасалған туындының қорғау мерзімі өткен жағдайда негізгі туындының авторымен авторлық шартты ұсыну талап етілмейді;

4) діни мазмұны бар туындыларға қатысты діни сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі қосымша ұсынылады;

5) жеңілдіктер беруге негіз болып табылатын құжаттар:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 10-бабына сәйкес

(бұдан әрі-1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң) - куәліктің көшірмесін немесе жеңілдіктерге құқығы туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігінің көшірмесін, "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін куәліктің көшірмесін, жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігінің не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтаманың көшірмесін, комиссариаттан алынған, басқа мемлекет аумағында соғыс қимылдарына қатысқандығын растайтын анықтаманың көшірмесін немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билеттің көшірмесін, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжат немесе жараланған, контузия алған немесе зақымданғанын растайтын медициналық құжаттардың көшірмесін, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендеріне және медальдарына қоса берілетін куәліктің көшірмесін, Чернобыль АЭС-індегі аварияның зардаптарын жоюға қатысушы куәлігінің көшірмесін немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияның немесе азаматтық немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжат немесе әскери комиссариаттан немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінен немесе әскери тағайындау объектілеріндегі басқа радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқан фактісін растайтын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын анықтаманың көшірмесін;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес - еңбек кітапшасының көшірмесін немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттардың көшірмесін (жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттардың, немесе бұйрықтардан, жеке шоттары мен жалақы төлеуге арналған ведомостан үзінді көшірмелердің, коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкаларының, немесе қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс стажын анықтау жөніндегі, зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың

шешімдерінің, немесе сот шешімдерінің, немесе арнайы комиссиялардың шешімдерінің), немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билеттің немесе анықтаманың көшірмесін;

мүгедектер - мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;

бала жасынан мүгедектің ата-аналарының бірі - мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;

оралмандар - көші-қон жөніндегі жергілікті атқарушы орган берген оралман куәлігінің көшірмесі;

кәмелетке толмағандар - туу туралы көлігінің көшірмесін ұсыну керек.

Бөлек тең авторлықпен шығарылған туындыларға авторлық құқықтар туралы мәліметтер тең авторлардың кез келгені оны өзінің өтінішінде көрсеткен жағдайда Тізілімге бөлек енгізілуі мүмкін.

Тізілімдегі мәліметтерге өзгерістер енгізу үшін:

осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Тізілімге мәліметтерді енгізуден бас тартуға негіздер "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 бабында белгіленген талаптардың сақталмауы болып табылады.

3 тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Қорғалжын тас жолы, № 3Б ғимараты үй, мекенжайы бойынша беріледі, байланыс телефоны: 8 (7172) 62-15-15, 8 (7172) 62-16-01.

шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тас жолы, № 3Б ғимараты-мекенжайы бойынша, байланыс телефоны: 8 (7172) 62-15-15, 8 (7172) 62-16-01 немесе уәкілетті органның басшысының атына беріледі.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шағымға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті сапасыз көрсеткенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе уәкілетті органына кеңсесінде шағымды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымды қабылдағанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе уәкілетті органына атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап почта байланысы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе уәкілетті органның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызмет беруші мәліметтерді тізілімге енгізгені үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу кезінде:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдарға;
- 2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;
- 3) 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

- 4) мүгедектерге, сондай-ақ бала кезінен мүгедектің ата-анасының біреуіне;
- 5) оралмандарға;
- 6) кәмелетке толмағандарға жеңілдіктер береді.

Жеңілдіктер жоғарыда санамаланған адамдар санаттарының кез келгеніне жататындығы туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде мәліметтерді Тізілімге енгізу жөнінде көрсетілген қызмет үшін бағаның 95 пайызы мөлшерінде беріледі.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 62-15-15, 8 (7172) 62-15-16, 8 (7172) 62-16-01

Бірыңғай байланыс-орталығы – 1414, 8 800 080 7777.

"Авторлық құқықпен
қорғалатын объектілерге
құқықтардың мемлекеттік
тізіліміне мәліметтерді және
олардың өзгерістерін енгізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан
"Ұлттық зияткерлік меншік
институты" шаруашылық
жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

_____ мекенжайы бойынша
_____ тұратын _____
тел. _____

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы

Өтініш

Мен (Біз) _____

— (автор(лар)дың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)) жеке сәйкестендіру нөмірі _____

жасаған _____

— (объектінің жасалған күні, айы, жылы) _____

— деп аталатын жарияланбаған _____

— (авторлық құқық объектісінің түрі)
жалғыз авторы (авторлары) болып табылатынымды (табылатынымызды)
растаймын

(растаймыз) және мәліметтерді Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізуді өтінемін (өтінеміз).

Мәліметтердің Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу фактісінің заңды мағынасы "Ұлттық зияткерлік меншік

институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорында маған (бізге) түсіндірілді.

20 ____ жылы " ____ " _____

(автор(лар)дың қолы)

(Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын

құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

"Авторлық құқықпен
қорғалатын объектілерге
құқықтардың мемлекеттік
тізіліміне мәліметтерді және
олардың өзгерістерін енгізу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

"Ұлттық зияткерлік меншік
институты" шаруашылық
жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

_____ мекенжайы бойынша
тұратын _____
тел. _____

Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміндегі мәліметтерге өзгерістерді енгізу туралы

Өтініш

Мен (Біз)

_____ (автор (лар) дың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)

_____ жеке сәйкестендіру нөмірі _____

_____ жылғы " ____ " _____ № _____ Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге

құқықтардың мемлекеттік тізіліміндегі мәліметтерге өзгерістерді енгізуді сұраймын (мыз).

_____ 20__ жылы " ____ " _____

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
2-қосымша

"Мүліктік құқықтарды ұжымдық негіздебасқаратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызмет көрсету "Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдарды аккредиттеу" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен әзірлеген (бұдан әрі – уәкілетті орган).

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру " электрондық үкіметтің" www.e.gov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - портал).

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі –15 жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – бес жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлігіне осы стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің "жеке кабинетіне" жолданады және сақталады.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі– жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы, (сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушыға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) аккредиттеуден өту туралы жалпы жиналыс шешімінің электрондық көшірмесі;

3) ұйымның ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдерінің электрондық көшірмесі;

4) жалпы жиналыстың сыйақы мөлшеріне қатысты шешімінің электрондық көшірмесі;

5) жалпы жиналыстың пайдаланушылармен лицензиялық шарт жасасу талаптарына қатысты шешімінің электрондық көшірмесі;

6) жалпы жиналыстың жиналған сыйақыны бөлу және төлеу тәсіліне қатысты шешімінің электрондық көшірмесі;

7) авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілері құқық иеленушілерінің көрсетілетін қызметті алушыға қатысты пікірлерінің электрондық көшірмесі;

8) осы стандартқа 2 қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны.

Қызметі беруші көрсетілетін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметті тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды ұсынбау;

2) ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтердің толық болмауы;

3) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғаны сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны;

4) ұйым "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 46-бабында көзделген міндеттерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайларда аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану: шағым қызметті берушінің басшысының атына, осы мекенжай арқылы беріледі: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел көшесі, № 8 үй, 13-кіреберіс, № 022 кабинеті, байланыс телефоны: 8 (7172) 74-07-84; 55-87-64.

Шағым - электрондық түрінде портал арқылы, (www.adilet.gov.kz) уәкілетті органның сайты арқылы, қағаз түрінде почта арқылы, немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы шағымға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті сапасыз көрсеткенін растайтын құжаттарды қоса береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызмет алушының көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қараудың нәтижелері туралы дәлелді жауап почта байланысы арқылы қызмет алушыға жіберіледі не қызмет берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі, сондай-ақ жауап көрсетілетін қызмет алушының қалауы бойынша шағымда көрсетілген электронды мекен-жайға жіберіледі.

Шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz, интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар

15. Көрсетілетін қызмет алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-07-54. 74-06-19.

Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Мүліктік құқықтарды
ұжымдық негізде басқаратын
ұйымдарды аккредиттеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысаны
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі

басшының аты-жөні, тегі (бар
болғанда) (бұдан әрі А.Ж.Т.)

(ұйым атауы, қызметі, басшы
А.Ж.Т.)

Реквизиттері: _____
(заңды мекен-жайы, байланыс
телефоны)

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын өтініш

Ескерту. Стандарт 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бірлестік мүшелерінің атынан "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 46-1-бабының тәртібімен аккредиттеуді сұраймын

(ұйым орналасқан мекен жайы)

орналасқан, тіркеу нөмірі _____

(заңды тұлғаның тіркелу нөмірі)

БСН:

(ол бар болған жағдайда) (бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның толық атауы)
ұжымдық басқарудың келесі саласында _____

(*"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 43-бабының 3 тармағына сәйкес*)

Өтінішке қосымша келесі құжаттар тіркеледі:

"Мүліктік құқықтарды
ұжымдық негізде басқаратын
ұйымдарды аккредиттеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Мәліметтер нысаны

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 391 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1) Авторлық құқықтарды және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару үшін жасасқан

әрекет күші бар келісімдер саны _____

_____;

2) Авторлық құқық және сабақтас құқық объектілерінің пайдаланушылармен жасасқан

әрекет күші бар келісімдер саны _____

_____;

3) Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым мүшелерінің тізімі

_____;

4) Құқық иелері мен пайдаланушылар үшін Қазақстанның қажет аймақтарында мұндай

ұйымның атынан уәкілеттігі бар тұлғалар туралы мәліметтер _____

_____;

5) Интернет-ресурсы бар туралы мәліметтер _____

_____;

6) Авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласындағы мүліктік құқықтарды

ұжымдық негізде басқаратын ұйымның соңғы екі жылдағы қызметін тексеру туралы

мәліметтер _____

_____.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
3-қосымша

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2019 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) әзірленді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау және оның нәтижесін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жеке және заңды тұлғамен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу туралы хабарламаны жіберу немесе осы стандарттың 10-тармағында белгіленген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

7. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Заңның 3-1 бабының 2-тармағына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Заңның 3-2 бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент" Заңының 4-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға (бұдан әрі – Бағалар) сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің newscab.kazpatent.kz ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің

төлем шлюзі арқылы, осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда;

2) қызмет көрсетушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы стандарттың 2, 3, 4-қосымшадағы нысанға сәйкес электрондық құжат түрінде таңдалған өтініштердің біреуі;

объектіні пайдалану құқығын беретін шарт немесе нотариалдық куәландырылған шарттың электрондық көшірмесі;

Көрсетілетін қызметті алушы өтінім берген жағдайда, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысы шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі;

сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер өтініш мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетілуі өкіл арқылы берілген жағдайда).

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

10. Қызмет көрсетуші келесі негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) объектіге айрықша құқықты тоқтатуға арналған қалпына келтіру мерзімнің аяқталуын;

2) негіздерді қалпына келтіру үшін тіркеуге уақытша кедергі келтіретін мерзімінің аяқталуы;

3) келісімге қатысушы болып табылмайтын тұлғадан тіркеуге өтінім қабылдау;

4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;

5) объектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін тараптарда міндеттемелердің болуы;

6) тауар белгісі құқығын беру жағдайында тауардың немесе оның өндірушісі туралы жаңылысу.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжайға беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол немесе портал арқылы беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Портал арқылы өтінішпен шағымдану туралы осы стандарттың 16-тармағында көрсетілген бірыңғай байланыс-орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардың келіп түскен шағымдары мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz сайтында орналастырылған.

14. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 62 15 15, 62 15 16.

Бірыңғай байланыс-орталығы – 1414, 8 800 080 7777.

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қоғалжын тас жолы, 3Б ғимараты

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы ЖСК БСК

"Нұрбанк" акционерлік қоғамы KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323 HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Сбербанк" акционерлік қоғамының еншілес банкі KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

"Тауар таңбасын, селекциялық
жетістіктерді және өнеркәсіптік
меншік объектісін пайдалану
құқығын беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

Құқықты лицензиялық немесе сублицензиялық шарт бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты
құқықты

лицензиялық немесе сублицензиялық шарт бойынша беруді тіркеуді
сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Лицензиар (сублицензиар) (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))/(бұдан әрі - Т.А.Ә.) заңды тұлғаның атауы *, заңды мекенжайы):

3. Лицензиат (сублицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса)/заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

Қосымшалар:

Шарт _____ парақта;

Қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары,
құрылтайшылардың немесе акционерлердің

жалпы жиналысы шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою
өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің көшірмесі;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі _____ парақта _____
данада;

Сараптама жасау ұйымының қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Өтініш беруші (Қолы) (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Ескерту:

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс
транслитерациясымен
беріледі

"Тауар таңбасын, селекциялық
жетістіктерді және өнеркәсіптік
меншік объектісін пайдалану
құқығын беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша
Нысан

Құқықты кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты(франчайзинг) бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты
құқықты

кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг) бойынша беруді тіркеуді
сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (
нөмірлері):

2. Кешенді лицензиар (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (
бұдан әрі – Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы *, заңды мекенжайы):

3. Кешенді лицензиат (жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) / заңды тұлғаның атауы*,
заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары,
құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысы шарт жасасу және шартқа

кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің көшірмесі;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ____ парақта ____ данада;

Сараптама жасау ұйымының қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Өтініш беруші (Қолы) (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Ескрту:

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі.

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша

Құқықты лицензиялық (сублицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша келісімді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты жасалған лицензиялық (сублицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша келісімді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Шарттың тіркеу нөмірі және тіркелген күні:

3. Лицензиар (сублицензиар, кешенді лицензиар) (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы *, заңды мекенжайы):

4. Лицензиат (сублицензиат, кешенді лицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысы шарт жасасу және шартқа

кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің көшірмесі;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ____ парақта ____ данада;

Сараптама жасау ұйымының қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Өтініш беруші (Қолы) (Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Ескерту:

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
4-қосымша

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2019 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) әзірленді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау және оның нәтижесін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жеке және заңды тұлғамен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу туралы хабарламаны жіберу немесе осы стандарттың 10-тармағында белгіленген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

7. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Заңның 3-1 бабының 2-тармағына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Заңның 3-2 бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент" Заңының 4-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын, өнеркәсіптік меншік объектілерін, селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға (бұдан әрі - Бағалар) сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің newscab.kazpatent.kz ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда;

2) қызмет көрсетушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы стандарттың 2, 3-қосымшадағы нысанға сәйкес электрондық құжат түрінде таңдалған өтініштердің біреуі;

объектіге айрықша құқықты беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды куәландырылған электронды көшірмесі;

Көрсетілетін қызметті алушы өтінім берген жағдайда, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары, құрылтайшылардың немесе акционерлердің жалпы жиналысы шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі;

сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер өтініш мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетілуі өкіл арқылы берілген жағдайда).

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Сингапур шартының шет мемлекеттердің-қатысушысы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғасы тараптардың бірінің құқықтарын беру туралы келісімді сараптау және тіркеу 2006 жылғы 27 наурыздағы тауар таңбалары туралы Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қызмет көрсетуші келесі негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) объектіге айрықша құқықты тоқтатуға арналған қалпына келтіру мерзімнің аяқталуын;

2) негіздерді қалпына келтіру үшін тіркеуге уақытша кедергі келтіретін мерзімінің аяқталуы;

3) келісімге қатысушы болып табылмайтын тұлғадан тіркеуге өтінім қабылдау;

4) тауар белгісіне айрықша құқықты иелік ету құқығын тіркеудің болмауы;

5) тауар белгісі құқығын беру жағдайында тауардың немесе оның өндірушісі туралы жаңылысу.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжайға беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол немесе портал арқылы беріледі.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжайға беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол немесе портал арқылы беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Портал арқылы өтінішпен шағымдану туралы осы стандарттың 16-тармағында көрсетілген бірыңғай байланыс-орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардың келіп түскен шағымдары мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz сайтында орналастырылған.

14. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба болуы қажет.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 62 15 15, 62 15 16.

Бірыңғай байланыс-орталығы – 1414, 8 800 080 7777.

"Интегралдық микросхемалар
топологияларын тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қоғалжын тас жолы, 3Б ғимараты

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы ЖСК БСК

"Нұрбанк" акционерлік қоғамы KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323 HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Сбербанк" акционерлік қоғамының еншілес банкі KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

Нұр-Сұлтан қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

"Интегралдық микросхемалар
топологияларын тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша

Нысан

КІРІС НӨМІРІ _____ _____ Түскен күні: __. _____. 20 __	(21) ӨТІНІМІНІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ _ _____	(22) ҰСЫНУ КҮНІ _____ _____
Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге ӨТІНІШ	ХАТ АЛМАСУ МЕКЕНЖАЙЫ (Пошталық индекс, Қазақстан Республикасының аумағында мекенжайы, фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе адресаттың аты)	
	Тел.:	Факс:
	Электрондық пошта мекенжайы:	
Төменде көрсетілген құжаттарды тапсыру арқылы өтініш беруші тіркеуге ұсынылған объектіде мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің жоқтығын растайды және ҚР ӘМ "ҰЗМИ" РМК тіркелген объектіні сәйкестендіретін материалдарды қағаз жеткізгіште және электрондық жеткізгіште көшіріп алу, соның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету үшін ЭЕМ ге жазу.		
1. ТІРКЕЛГЕН ТОПОЛОГИЯ МЕН ИНТЕГРАЛДЫҚ МИКРОСХЕМА АТАУЫ: Б А Л А М А Л Ы ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУ: А Т А У :		
2. ҚҰҚЫҚИЕЛЕНУШІ (ӨТІНІМ БЕРУШІ (ЖӘНЕ) БСН: _____ ЖСН: _____ _____ Жеке басын куәдандыратын құжаттың нөмірі: _____ (Жеке тұлғаның аты-жөні) және заңды тұлғаның атауы (құрылтай құжаттарына сәйкес) және орналасқан		

3. ТІРКЕУ ТОПОЛОГИЯСЫНА ҚҰҚЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗІ (белгілеу [X]) (егер өтініш беруші заңды тұлға болса немесе өтініш берушілердің құрамы авторлардың құрамына сәйкес келмесе)

☐ өтінім беруші жұмыс беруші болып табылады	☐ автордың немесе оның құқықтық мирасқорының құқығын өтініш берушіге беру
☐ құқық беруші өтінім берушіге жұмыс беруші	☐ жанжақты мұрагерлік тәртібімен (мұрагерлік, қайта құру)
☐ өтінім беруші автор болып табылады	☐ Басқаларды көрсету

5. АВТОРЛАР Барлық авторлар _____

А В Т О Р		Т У Р А Л Ы		М Ә Л І М Е Т	
Тегі,	аты,	әкесінің	аты	(бар	болса):
Туған	жылы:	күні:	айы:	жылы:	Азаматтығы:
Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.					

Тіркелген топологияны құруға автордың шығармашылық үлесінің қысқаша сипаттамасы:

6А. ҚОРҒАЛҒАН ТОПОЛОГИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (осы топологияны құру кезінде пайдаланылады)

□
ТӨЛЕНГЕН

ТӨЛЕУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ (жеке тұлғаның аты-жөні (егер бар болса) немесе заңды тұлғаның атауы):

☐ Ж е к е Т Ұ л ға Ү ш і н ☐ занды тұлға үшін	
Жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы және нөмірі:	
ЖСН:	Б С Н : Б С К : БСК:

9. ӨТІНІМ БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚ ИЕЛЕНУШІНІҢ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ӨКІЛІНІҢ ҚОЛЫ

(Заңды тұлғаның атынан өтінішке ұйым басшысына немесе оны уәкілеттік берген басқа тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің лауазымын көрсете отырып және мөрмен бекітілген жағдайда заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады. Кез-келген тұлғаның қолы, аты-жөні мен аты-жөні және өтінішке қол қойылған күні көрсетілуге тиіс. Құқық иеленушілер-жеке тұлғалар, осы өтініште көрсетілген жеке деректерді мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мақсаттар мен көлемдерге, сондай-ақ тіркелген объектіге айрықша құқықтың қолданылу кезеңінде қолдануға келісетіндігін растайды)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
10-қосымша

"Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2019 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Глава 1. Общие положения

1. "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) әзірленді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау және оның нәтижесін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды жеке және заңды тұлғамен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін беру немесе осы мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

7. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға (бұдан әрі – Бағалар) сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің newscab.kazpatent.kz ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда;

2) қызмет көрсетушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18-30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы стандарттың 2-қосымшадағы нысанға сәйкес электрондық құжат түріндегі қолдаухат;

Көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына осы стандарттың 13-тармағында көрсетілген мекенжайға беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол немесе портал арқылы беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Портал арқылы өтінішпен шағымдану туралы осы стандарттың 16-тармағында көрсетілген бірыңғай байланыс-орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы уәкілетті органға немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардың келіп түскен шағымдары мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz интернет-ресурсында және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz сайтында орналастырылған.

14. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болуы қажет.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты "жеке кабинет" порталда қашықтықтан қолжетімділік режим арқылы, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 62 15 15, 62 15 16.

Бірыңғай байланыс-орталығы – 1414, 8 800 080 7777.

"Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қоғалжын тас жолы, 3Б ғимараты

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы ЖСК БСК

"Нұрбанк" акционерлік қоғамы KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323
HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Сбербанк" акционерлік қоғамының еншілес банкі KZ14914012203KZ0047J
SABRKZKA

Нұр-Сұлтан қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы
KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

"Тауар белгілері, тауар
шығарылған жерлердің
атаулары мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмесін
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін беру туралы ҚОЛДАУХАТ

Тауар белгілері/тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік
тізілімдерінен

үзінді беруді сұраймын:

Зияткерлік меншік объектісінің түрі _____

Куәліктің нөмірі немесе тіркеу нөмірі _____

Қосымша:



төлем жасалғаны туралы құжат

ЭЦҚ қол қойылған

Тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
11-қосымша

**"Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандарты**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрлік (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өтінішін (құжаттардың толық топтамасын) қабылдау және оның нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған кезден бастап:

аттестаттау емтиханы тиісті жартыжылдықтың соңғы айының 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық түрінде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – аттестаттау емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша оң немесе теріс шешім не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) жолданады не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік баж көрсетілетін қызметті алушымен 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 614 -бабында белгіленген төлемнің соммасын және күнін растайтын төлем құжаттарын беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді:

патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті қолма-қол немесе аударым арқылы есеп айырысу жолымен, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейлі банк арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасында көрсетілген.

8. Порталдағы жұмыс кестесі – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген жағдайда жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мейрам күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш берген кезде порталға мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

3) кемінде төрт жыл еңбек өтілі бар жұмыс қызметінің растығы қамтылған құжаттың электрондық көшірмесі;

4) сот-наркологиялық және психиатриялық бөлімшелерден кандидаттың тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды уәкілетті органға ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген электрондық анықтамалар;

5) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшадағы көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушы ұсынатын құжаттар түпнұсқалармен салыстырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" патенттік сенім білдірілген өкілдің аттестациялық емтихан өткізу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

10. Мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызметті беруден бас тарту негіздері болып табылады.

Осы стандарттың 9-тармағына сәйкес "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті түрде ресімделмеген немесе құжаттар топтамасы толығымен ұсынылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші олардың түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті әрі қарай қараудан дәлелді бас тарту туралы жазбаша түрінде жауап береді.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, № 8-үй, 13-кіреберіс, № 022-кабинет, байланыс телефоны: 8 (7172) 74-07-84, 55-87-64.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, порталға не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші көрсеткен сапасыз мемлекеттік көрсетілетін қызметті растайтын құжаттарды шағымға қоса тіркейді.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі жасау, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымданады.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.adilet.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-09-69, 55-88-21. Бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Патенттік сенім білдірілген
өкілдерді аттестаттау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері

Бенефициар – ҚР ҚМ МКК Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасы РММ

БСН – 081240013779

ЖСК – KZ24070105KSN00000000

БСК – KKMFKZ2A

Бенефициар Банкі – "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" ММ,
Астана қ.

КБЕ-11

Бюджеттік сыныптама коды (БСК) – 108125

"Патенттік сенім білдірілген
өкілдерді аттестаттау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Аттестаттау комиссиясының
төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы,

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға рұқсат беру туралы өтініш

Мені Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілге аттестаттауға өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефонның нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкілдерге кандидаттардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- еңбек қызметін растайтын, кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар құжаттың электрондық көшірмесі;

- сот-наркологиялық және психиатриялық бөлімшелерде кандидаттың тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды уәкілетті органға ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген электрондық анықтамалар;

- ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттағаны үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

"Патенттік сенім білдірілген
өкілдерді аттестаттау"
Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттаудан өту үшін мәліметтер

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)

1. Диплом туралы мәлімет:

1) жоғары оқу орнының атауы _____

2) дипломның нөмірі _____

3) дипломның берілген күні _____

4) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат
сериясы және нөмірі: _____

негіздеме: күні және нөмірі _____

тіркеу нөмірі және күні _____

Жеке тұлға _____ күні: _____

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
12-қосымша

"Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрлік (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өтінішін (құжаттардың толық топтамасын) қабылдау және оның нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімдері патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркегенін үшін мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжатты ұсынған күннен бастап – 3 жұмыс күні ішінде.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық түрінде (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі жеке тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) жолданады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік баж көрсетілетін қызметті алушымен 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 614-бабында белгіленген төлемнің соммасын және күнін растайтын төлем құжаттарын беретін Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді:

патенттік сенім білдірілген өкіл ретінде тіркелгені үшін – 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті қолма-қол немесе аударым арқылы есеп айырысу жолымен, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейлі банк арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасында көрсетілген.

8. Порталдағы жұмыс кестесі – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген жағдайда жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мейрам күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш берген кезде порталға мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) кандидаттың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін мемлекеттік баж төлемін растайтын электрондық құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда қызмет беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, № 8-үй, 13-кіреберіс, № 022-кабинет, байланыс телефоны: 8 (7172) 74-07-84, 55-87-64.

Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы, порталға не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Қажетті жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші көрсеткен сапасыз мемлекеттік көрсетілетін қызметті растайтын құжаттарды шағымға қоса тіркейді.

Шағымды қабылдаған адамның тегін және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға

жатады. Қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс-орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі жасау, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымданады.

4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.adilet.gov.kz интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-09-69, 55-88-21. Бірыңғай байланыс-орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Мемлекеттік баж төлеу үшін қажетті банк деректемелері

Бенефициар – ҚР ҚМ МКК Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің Есіл ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасы РММ

БСН – 081240013779

ЖСК – KZ24070105KSN0000000

БСК – KKMFKZ2A

Бенефициар Банкі – "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті" ММ,
Астана қ.

КБЕ-11

Бюджеттік сыныптама коды (БСК) – 108125

"Патенттік сенім білдірілген
өкіл куәлігін беру"
Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Аттестаттау комиссиясының
төрағасына
кімнен

(азаматтың тегі, аты, әкесінің
аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы

(пошталық индексі, облысы,
қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимараттың
нөмірі)

Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу үшін өтініш

Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін маған беруіңізді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қосымша _____ парақта.

Азамат _____ күні: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 1481 бұйрығына
13-қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің күші жойылды деп тануға жататын кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11407 болып тіркелген).

2. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 1598 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16305 болып тіркелген).

3. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 31 қазандағы № 947 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14442 болып тіркелген).

4. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 қазандағы № 1225 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16124 болып тіркелген).

5. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 251 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 613 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12825 болып тіркелген).

6. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11559 болып тіркелген).

7. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 20 наурыздағы № 445 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16718 болып тіркелген).

8. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14825 болып тіркелген).

9. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 238 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16524 болып тіркелген).

10. "Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 304 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 7 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13106 болып тіркелген).

11. "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" және "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 857 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15587 болып тіркелген).

12. "Интегралдық микросхемалар топологияларын тіркеу" және "Тауар белгілері, тауар шығарылған жерлердің атаулары мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмесін ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 1424 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16122 болып тіркелген).

13. "Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 250 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16122 болып тіркелген).

14. "Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 250 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 12 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16290 болып тіркелген).

15. "Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 250 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 13 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16291 болып тіркелген).

16. "Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 305 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11560 болып тіркелген).

17. "Авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 305 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 425 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16712 болып тіркелген).